

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2016 жылғы 5 қыркүйектегі № 9 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 20 қыркүйекте № 5079 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 2017 жылғы 24 ақпандағы № 5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Қайыңды ауылдық округі әкімінің 24.02.2017 № 5 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі № 339 "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес және Темір аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2016 жылғы 10 тамыздағы № 14-01/211 ұсынысы негізінде Қайыңды ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қайыңды ауылдық округінің "Жаңатаң" мал қыстағындағы "Жаңатаң" шаруа қожалығы аумағында қой және ешкі малдарының арасынан пастерелез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қайыңды ауылдық округінің әкімі

Ә. Мұстафин